

6 А сынып жетекшісі Т.Х. Имангалиеваның 2023 – 2024 оқу жылының жылдық тәрбие жұмыстарының Е С Е Б І

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс- шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, Ұлттық мүдде құндылығы бойынша: 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені», «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз », «25 қазан – Республика күні» атты тәрбие сағаттары, Республика күніне орай мемлекетіміздің әнұранын айтудан жарыс өтті. Ар-ұят құндылығы бойынша «Отбасы –бақыт мекені», «Тәртіп-тәрбие бастауы, тәртіпсіздік- өмірдің қас жауы» атты тәрбие сағаттары, «Қарттарым – асыл қазынам», «Ұстаз-ұлы есім» тақырыбында бейнеқұттықтаулар мен бейнекөріністер, Талап құндылығы бойынша «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Өткізілген тәрбие сағаттары мен іс-шаралардан көрініс




1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»




«25 қазан – Республика күні»



Мемлекетіміздің Әнұранын орындау байқауынан ІІІ орын



«Зорлық - зомбылыққа жол жоқ»



«Тәуелсіз елім Қазақстан»



Жаңа жыл

Соңымен қатар 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған «Алтын жүрек» атты тәтті жәрмеңкеге қатыстық.



Тәтті жәрмеңке



Көрісу және "Ұлыстың Ұлы күні-Өз Наурыз"!



«1 – мамыр Бірлік күні»



9 мамыр – Ұлы жеңіс күні.

Сыныпта 19 оқушы бар. Оның ішінде 13 ұл , 6 қыз бала. Үйден оқытылатын Жеңісов Мейірлан.Үлгермейтін оқушы жоқ. Әлеуметтік жағынан қорғалатын оқушыларға көңіл бөлініп отырады. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, толық емес отбасы – 2 оқушы, анасының тәрбиесінде – 1 оқушы, әкесінің тәрбиесінде – 1 оқушы, көп балалы отбасы балалары – 6 оқушы. Оқу үздіктері – 4 оқушы, оқу екпінділері - 7 оқушы. Білім сапасы – 61%.

Әлеуметтік мәртебесін айғақтайтын құжаттар жинақталып, арнайы папка жасалынды. Осы мәртебедегі оқушылардың іс- шараларға қатынасуы басты назарда ұсталынып отырды. Оқулықпен толық қамтамасыз етіліп, қажетті құжаттар жинақталынды.

Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары бойынша дарынды оқушылар іріктеліп алынды. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін ұштау мақсатында көптеген олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар иеленген оқушыларым да бар. Атап айтатын болсам олар: Лабақбай Сырым - математика пәнінен пәндік олимпиадаға қатысып 3 - орын иеленді, Мақсат Ерлан, Жұмаш Оразгүл, Темирханова Акерке, Жилгельдина Амина - ағылшын тілінен «Sapsan» олипиадасына қатысып жүлделі 1,2,3 орындарды иеленді. Сонымен қатар мектептен тыс қосымшаларға да белсене қатысты. Лабақбай Сырым мен Ермеков Нұрасыл домбыра

үйірмесіне, Мақсат Ерлан, Үсен Оразалы мен Ермеков Нұрасыл - бокс, Рахманов Ақаян - кикбоксинг.




«Қазақ тілі мен әдебиеті» апталығында ұйымдастырылған іс шараларға белсене ат салысумен қатар ашық сабақтарға қатысты. Қазақ тілі пәнінен ашық сабақта өз білімдерін шыңдап белсенділіктерін көрсете білді. Математика пәнінен де ашық сабақта белсенді қатысып, өз білімдерін көрсете білді.



Ашық сабақтардан суреттер

Сынып оқушылары мектепшілік іс-шараларға да белсене атсалысып отырады. Атап айтқанда, «Жол ережесін білейік», «Отбасы күні» айлықтарында бейнекөрініс түсіріп әлеуметтік желілерге салып отырды.

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» аясында 5-9 сыныптардың ата – аналарына сабақ өткіздім.



Біртұтас тәрбие беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ұлттық құндылықтар – тәрбие негізі» сынып жетекшілер апталығы аясында сыныбыммен «Ұлттық құндылықтар – тәрбие қазығы» атты ашық сабақ өткіздім.



ҚР Оқу-ағарту министірлігінің 2024 жылғы 15 мамырдағы тапсырмасына орай 24 мамыр күні «Білім Отаныма» атты сынып сағатымды өткіздім



31 мамыр күні Мектепшілік жиында Лабақбай С, Мақсат Е, Кемалжанова А, Рахманов А сабақты өте жақсы оқығаны үшін, Абдолла А, Абдуалиева Б, Ермеков Н, Жилгельдина А, Темирханова А, Жұмаш О жақсы оқығаны үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.





Лабақбай Сырым «Қосымша білім беру ұйымдарындағы талантты балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, білімге, өнерге, спортқа, ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жарық көрген «ҚР қосымша білім беру ұйымдарындағы талантты балалардың ұлттық энциклопедиясы» жинағына енгені үшін «Ел үміті» төсбелгісімен және «Жыл оқушысы – 2024» номинациясы мектеп өміріне белсене араласып, үздік оқығаны үшін дипломмен марапатталды.



Ата-аналар жиналысы жалпы мектепшілік және де жеке өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Ата-аналармен әр түрлі тренингтер мен сауалнамалар жүргізіліп, бейнематериал ұсынылды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс әрдайым жүргізіліп отырды. Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша қадағалап отырдым. Апта сайын оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуін тексердім. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақтан себепсіз қалған оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым. Жалпы айта кететін болсам, 6-сыныпты ойдағыдай аяқтадық. Қиындығы мен қызығы бірге жүретін мектеп өмірі ойдағыдай өтті. Келесі оқу жылында да бұдан да түрлі іс-шараларға белсене қатысып, сыныбымызды оң қырынан көрсетуге жаңа оқу жылында жақсы күш-жігер жинап жақсы дайындықпен келеміз деген ойдамын.

Сынып жетекшісі

Иманғалиева Т.Х.